



Есен әулетінің отанасы, ұрпақтарының аяулы анасы, немере-жиендерінің сүйікті әжесі, қадірлі құдағиымыз Күләш БАХТИЯРҚЫЗЫН мерейлі 70 жасымен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, ұзақ өмір, баянды бақыт тілейміз.

Бүгінді де, ертеңді де шолыпсыз, Отбасының ақылшысы болыпсыз. Елу бестің қаңтарында туған қыз, Бүгін, міне мерей жасқа толыпсыз.

Ақ ниетпен, құдағайыңыз Рая, қыз-күйеу Бауыржан-Марина

Құрметті Ұзағалиева Зоя ШАПХАТҚЫЗЫ!



Сізді адам өмірінің айтулы бір белесі зейнеткерлік жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Жүйрік уақыт мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесіне жетті. Әрбір адамның өзіне тән өмір жолы, тыныс-тіршілігі болады. Десе де сіңірген еңбегі, көрген бейнеті мен тақтан зейнеті, шыққан асу-белестері әрқилы. Сіз өз есепші мамандығыңыздың қоғамдағы рөлінің маңыздылығын тек ұжым ішінде ғана емес, өзге де адамдар арасында дәлелдей білдіңіз. Өміріңізге барша жарық дүние шапағатын, зор денсаулық, баянды бақыт, мейірім мен қуаныш тілейміз! Мерейлі мерекеңіз құтты болсын! Ғұмырыңыз ұзақ болсын!

Ізгі тілекпен, «Құрманғазы» атындағы өндірістік кооператив ұжымы

Қымбатты анамыз Зоя ШАПХАТҚЫЗЫ! Сізді зейнеткерлік жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!



Жарқын да мағыналы өміріңізге мықты денсаулық, шаңырақ шаттығын, ұрпақтар қуанышы мен толассыз жанұя бақытын тілейміз! Ешқашан көңіліңізге дақ түспей, әрдайым ұл-қызыңыздың, немерелеріңіздің қуанышына бөленген берекелі өмір тілейміз.

Береке отбасынан арымдасын, Тәңірім бергенінен жақымдасын. Жүріңіз ортамызда аман-сау боп, Жарасты жұптарыңыз жазылмасын!

Ізгі тілекпен, жолдасың Сабыржан, қызың Айнұр, бала-келінің Батырхан-Айбану, немерелеріңіз Ай-Бибі, Хадиша

Құрметті ағамыз Дюсеменов Бекболат ҒАЛЫМҰЛЫН 61 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!



Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан, Жалғанда тілек бар ма бұдан асқан. Зор денсаулық, амаңдықтың арқасында, Жалғансын ақ тандарыңыз нұрын шашқан.

Ізгі тілекпен, Дюсеменовтер әулеті



Құрметті Дауылбай ЖҰМАХМЕТҰЛЫ 60 жас, Зоя ШАМШЕДЕНҚЫЗЫ зейнеткерлік жас, отау құрғандарына 35 жыл мерейлі тойларың құтты болсын!

Мәртебелеріңіз өсіп, абыройларыңыз арта берсін! Жапырақтарыңыз жайылып, ұрпақ қызығын молынан көруге тілектестігімізді білдіреміз. Мерейлі сәтте өздеріңізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасы амаңдығын тілейміз.

Ізгі тілекпен, аға-жеңгең, апа-жезден Максим-Мағзия, Мұрат-Сағира, Света-Жумасат, Аязбай-Клара, қарындас-күйеулер Шолпан, Айгүл, Ерболат-Дания



Құрметті Ханатова Нұрғайша МЕРГЕНҒАЛИҚЫЗЫ! Сізді келіп жеткен мерейлі 50 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Санады ғұмырыңызды мектепке дейінгі білім беру саласындағы әдіскерлік қызметке арнаған сізді кәсіби маман ретінде құрметтейміз! Қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап, білім саласына сүбелі үлес қосып жүруіңізбен қатар, бойыңыздағы бар жинап-терген біліміңізді өзіңізден кейінгілерге сапалы етіп сіңіре білуіңіз – Сіздің өзіңіздің хас шебері екендігіңіздің дәлелі.

Сізді мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтай отыра еңбегіңізге табыс, шығармашылық жетістіктер, саламатты денсаулық және білім мен ғылымды игеруде әлі талай ілгері ізденісте болуыңызды тілейміз.

Ізгі тілекпен, Құрманғазы аудандық балабақша әдіскерлері

«Серпердің» ақылы қызметін пайдаланыңыз!

«Big Steps» ЖШС 20.02.2025 ж. Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Аққол ауданы, Аққол ауылы, А.Иманов, 32, Мәдениет үйі ғимаратында сағат 15:00, келесі жоба бойынша: «Күмісбек» кен орнының №Г-5, Г-12, SLW-3, Г-14, Г-13, Г-2 ұңғымаларын қайта іске қосу және пайдаланудан шығарудың техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөліміне ашық жиналыстарына қоғамдық тыңдау өткізеді.

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін өкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Аққол ауданы, Аққол ауылы.

Орналасу координаттары: 47° 07' 14,00" солтүстік ендік, 48°41' 56,00" шығыс бойлық

Карантин ұзартылған жағдайда, бұл қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады.

Тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/5299194329?pwd=cFVES25hbUFJSlk4NlR0Q0g2dz09&omn=84634463565>.

Жеке конференцияның идентификаторы: 529 919 43 29.

Кіру коды: 22222.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87021124963 телефонына хабарласуға болады.

Бастамашысы: «Big Steps» ЖШС. Алматы қаласы, ст. Қасымова, 32, н.п. 137. БСН 211240024981. Эл.пошта: 3273422@mail.ru. Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЭкоСтандарт» ЖК. Атырау облысы, Атырау қаласы, А. Затаевич даңғылы, 23 үй. БСН 870901300276. Эл.пошта: ecoerlan@mail.ru

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекен-жайы:

Жергілікті атқарушы орган – «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы», электрондық мекен-жайы: atr.prigoda@atyrau.gov.kz, тел.: 8 (7122) 32-55-09.

Жобалық құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекен-жайы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru, esorportal.kz> орналастырылған

Ескертулер мен ұсыныстар төмендегі электронды мекен-жайлар бойынша қабылданады: [esorportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru, esorportal.kz), [atr.prigoda@atyrau.gov.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru, esorportal.kz)

Қосымша мағлұматты мына эл. мекен-жайдан алуға болады: ecoerlan@mail.ru және 87021124963 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

ТОО «Big Steps» 20.02.2025 г. по адресу: Атырауская область, Курмангазинский район, Аккольский с.о., с.Акколь, А. Иманов, 32, Дом Культуры, время – 15:00 ч. проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по Разделу Охраны окружающей среды к «Техническому проекту на расконсервацию и вывод из ликвидации скважин №Г-5, Г-12, SLW-3, Г-14, Г-13, Г-2 месторождения «Кумысбек».

Перечень административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Атырауская область, Курмангазинский район, Аккольский с.о., с.Акколь

Координаты расположения: 47° 07' 14,00" северной широты, 48°41' 56,00" восточной долготы.

В случае продления карантина данные общественные слушания будут проводиться в режиме онлайн посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM. Для участия на слушаниях необходимо пройти по ссылке <https://us05web.zoom.us/j/5299194329?pwd=cFVES25hbUFJSlk4NlR0Q0g2dz09&omn=84634463565>.

Идентификатор персональной конференции: 529 919 43 29. Код доступа: 22222

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87021124963

Инициатор: ТОО «Big Steps» г. Алматы, ул. Касымова, д. 32, н.п. 137. БИН 211240024981. Эл. адрес: 3273422@mail.ru. Тел.: 87019487337. Разработчик проектной документации: ИП «ЭкоСтандарт», Атырауская область, г. Атырау, пр. А. Затаевич, д.23. БИН 870901300276. e-мэйл: ecoerlan@mail.ru

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», электронный адрес: atr.prigoda@atyrau.gov.kz Тел.: 8(7122)32-55-09.

Адрес интернет-ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru, esorportal.kz>

Замечания и предложения принимаются по электронному адресу: ecoerlan@mail.ru

Дополнительную информацию вы можете получить через эл.адрес: ecoerlan@mail.ru а также по сот.: 87021124963.

ЖЕТИСТІК



АЙНАМКӨЗ – СПОРТ ШЕБЕРІ

Аудандық балалар-жасөспірімдердің дене шынықтыру даярлық клубының үстел теннисі үйірмесінің қатысушысы, Еңбекші жалпы орта мектебінің 8-сынып оқушысы Айнамкөз Мақсатқызына пара үстел теннисінен «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағы берілді. Айнамкөзді бұл спорт түріне баулып дайындаған үйірме жетекшісі Фаридә Усенованың еңбегін айрықша атап өткен жөн.

Айнагүл КҮНҰЗАҚҚЫЗЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«Е-ӨТІНІШ»: ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

АУДАН БОЙЫНША «Е-ӨТІНІШ» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ 12 АЙЫНДА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДАН БАРЛЫҒЫ 948 ӨТІНІШ ТІРКЕЛДІ.

Өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда өтініштер саны 151 өтінішке азайып отыр (2023 жылдың 12 айында 1099 өтініш түскен). Оның ішінде арыздар – 481, шағымдар – 13, басқалары (сұрау сауалар, хабарламалар, ұсыныстар, ұн қосулар – 454). Соның ішінде аудан әкімі аппаратына 475 өтініш түсті. Өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда өтініштер саны 61 өтінішке артып отыр (2023 жылдың 12 айында 414 өтініш түскен).

2024 жылдың есепті кезеңінде жоғары тұрған мемлекеттік органдардан: облыс әкімі аппаратынан – 32, облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасынан – 2, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасынан – 2, Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінен – 1, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасынан – 1, Атырау облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасынан – 1, Атырау облысы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасынан – 1, аудандық прокуратурадан – 5, аудандық «Аманат» партиясының филиалынан – 3, облыстық «Аманат» партиясынан 2 өтініш түсіп, тіркелді. 10 өтініш қарауға.

Ағымдағы жылдың 12 айында барлығы 911 өтініш қаралды. Оң шешілгені – 325. Соның ішінде, жер мәселесі бойынша – 125, әлеуметтік мәселе – 3, құрылыс мәселесі – 3, коммуналық шаруашылық мәселесі – 11, жұмыспен қамту – 16, мәдениет және спорт, ономастика – 16, ауыл шаруашылығы – 1, тағы басқа мәселелер бойынша 150 өтініш оң шешілді.

Жеке және заңды тұлғалардан ағымдағы жылдың 12 айында түскен өтініштердің мәселелері: тұрғын үймен қамту – 120, әлеуметтік көмек және зейнетақы – 23, жер және жерді пайдалану – 219, коммуналық шаруашылық – 112, құрылыс – 12, жұмыспен қамту – 46, ауыл шаруашылығы – 3, кәсіпкерлік – 6, білім – 3, мәдениет және спорт, ономастика – 56, басқа да мәселелер – 312. Осылардың ішінде 36 өтініш басқа мемлекеттік органдарға күзиреті бойынша қарауға жолданды.

Есептік кезеңде аудан әкімімен барлығы – 33, аудан әкімінің орынбасарларымен 15 қабылдау өткізіліп, аудан әкімімен – 139, аудан әкімінің орынбасарларымен 29 азаматтың жеке қабылдауы ұйымдастырылды. Қабылдау кезінде 168 азаматқа тұрғын үй, жер және жерді пайдалану, жұмыспен қамту, коммуналық-шаруашылық, басқа да мәселелер бойынша заң шеңберінде түсінік берілді. Сегіз өтініш қанағаттандырылды.

Ай сайын жеке және заңды тұлғалардың өтініштері жөнінде хабарлама atyrau.gov.kz сайтына және ауданның «Серпер» баспасөз бетіне жарияланып отырылды.

Айнұр ХИДУЛЛИНА,
аудан әкімдігі жалпы бөлімінің бас маманы

Атырау Ақпарат
БАСЫП ШЫҒАРУ / БЕТТЕУ / ДИЗАЙН

Купонды көрсет те, 10% жеңілдік ал!

Бізбен байланысу
+ 7 778 891 57 72
akparat.zakaz@gmail.ru
Ж. Молдағалиев к-сі, 29А
www.aqprint.kz

КЕН КӨЛЕМДІ БАСЫП ШЫҒАРУ

- СЕРВИСТІК МАЙЛЫҚТАР
- ШАҚЫРУ БИЛЕТТЕРІ
- ЕСКЕ АЛУ
- ДИПЛОМДАР, СЕРТИФИКАТТАР
- ЖУРНАЛДАР, МӨЗІРЛЕР
- КОЙЫН ДӨПТЕРЛЕРІ
- ФЛАГЕРЛАР
- ЖАРНАМА ПАРАҚШАЛАРЫ
- БҮКЕТТЕР
- СЛАЙД ЖАСАУ
- ВИЗИТКАЛАР
- КІТАПТАР
- КҮНТІЗБЕЛЕР
- ТҮПТЕУ
- САПАРАП МАНДАЙШАЛАР